**«Astana Venue Management» ЖШС**
**Астана қаласының әкімдігі**

**Астана қаласы** **« 23 » қыркүйек 2026 жыл**

Тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту семинарын өткізу
талаптарды сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»

**ХАТТАМА**

**Өткізілетін орны:** Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 57, № 411 кабинет.
**Өткізу уақыты:** Сағат: 11:00.
**Төрағалық етуші:** Серіктестіктің комплаенс-офицер Н. К. Кишляров
**Қатысқандар:** Тізім бойынша Серіктестік қызметкерлері.

**Семинардың тақырыбы:** «Мүдделер қақтығысының негізгі себептері».

**Семинардың мақсаты:** Мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша қызметкерлердің білім деңгейін және практикалық дағдыларын арттыру.

**Сөйлегендер:** Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша Департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас мамандары А.Ж.Курмангали және Г.Мухамеджанқызы

**Семинар барысында келесі мәселелер қаралды:**

Мәселен, 2026 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жетілдіруге бағытталған заңнамалық бастамалар қаралды, оның ішінде:

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

- «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексіне және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Аталған заңнамалық бастамалар Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының ережелерін іске асыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарды имплементациялау мақсатында әзірленді.

Семинар барысында қатысушыларға заңнаманың негізгі ұсынылатын өзгерістері мен жаңалықтары түсіндірілді.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алдын алу шараларын күшейту көзделеді.

Атап айтқанда, мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу институты тиісті процедураларды неғұрлым егжей-тегжейлі реттеу арқылы жетілдірілуде. Әдеп туралы уәкілдің, комплаенс-қызметтердің және қызметкерлерді басқару қызметтерінің мүдделер қақтығысының алдын алу мен реттеудегі рөлі артып келеді.

Лауазымдық өкілеттіктерді жеке мүдде үшін пайдалануға жол бермеуге байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу белгілеу көзделеді. Бұл ретте, «жеке мүдде» ұғымы нақтыланады және заңнамада көзделген жағдайларда оны декларациялау міндеті белгіленеді.

Бірлескен қызметке, оның ішінде байланысты тұлғаларды қосу есебінен тыйым салынған тұлғалар шеңбері кеңейтілуде. Бір мезгілде мемлекеттік мекемелерде және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде кадр процестерінің жүзеге асырылуына бақылау күшейтіледі.

Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шараларды қабылдамағаны не уақтылы қабылдамағаны үшін жауапкершілік мәселелеріне ерекше назар аударылды. Тиісті бұзушылықтар үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілік көзделеді. Мүдделер қақтығысы жағдайында, қабылданған немесе жасалған актілер, шарттар, мәмілелер және өзге де шешімдер заңнамада көзделген жағдайларда жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдамағаны үшін лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тартудың құқықтық тетіктері жетілдірілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің атқарушы органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіздігін, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылын күшейту көзделеді.

**Екіншіден, параның уәдесіне, ұсынысына және талабына байланысты әрекеттерді криминализациялау көзделеді.**

Тиісті заңнамалық өзгерістерді дайындау кезінде алыс және жақын шет мемлекеттердің халықаралық тәжірибесі зерделенді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінде тиісті әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Осыған ұқсас нормалар посткеңестік кеңістіктегі бірқатар мемлекеттердің заңнамасында да бар. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, пара беру туралы уағдаластықты дербес аяқталған қылмыс деп тану алдын алу әсеріне ие және теріс салдарлар туындағанға дейін сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің ертерек сатысында жолын кесуге мүмкіндік береді

**Үшіншіден, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу шаралары жетілдірілуде.** Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің ірі мөлшерде не бопсалау арқылы заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылығын күшейту көзделеді.

Сондай-ақ, аталған адамдарға заңсыз сыйақы бергені үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеу көзделеді. Құқық қорғау қызметін жетілдіру шеңберінде жекелеген сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтау және тергеу жөніндегі тиісті өкілеттіктер уәкілетті мемлекеттік органдар арасында қайта бөлінеді.

Төртіншіден, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігі күшейтіледі. Тиісті құқық бұзушылықтардың сипаты мен қоғамдық қауіптілігіне сәйкес санкциялар белгілеу көзделеді.

**Бесіншіден, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдар үшін құқықтық салдарларды көздейтін жекелеген нормалар жетілдірілуде.**

Атап айтқанда, мемлекеттік мекемелерде және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде еңбек қызметін жүзеге асыруға тыйым салуды немесе шектеулерді белгілейтін заңнаманың ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіріледі.

Мемлекеттік заңды тұлғаларға мемлекеттік мүлік құрамына келіп түскен және заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен хаттамалық не өзге де ресми іс-шаралар барысында берілген (тапсырылған) сыйлықтарды өтеусіз тәртіппен алуға мүмкіндік беретін өзгерістер көзделген.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 21 қарашадағы № 709 мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың кадр процестерін автоматтандыруды қамтамасыз етуге бағытталған Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде мемлекеттік мекемелерде және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде цифрлық кадр жүйесінің жұмыс істеу негіздері бекітіледі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің цифрлық кадр жүйесін қалыптастыру мен жүргізуді үйлестіру, сондай-ақ аталған жүйе арқылы кадр процестерін жүзеге асыру тәртібін айқындау жөніндегі өкілеттіктері бекітіледі.

Сонымен қатар, семинарға қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған өзгерістер, оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік Комитеті мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі арасында қайта бөлу арқылы түсіндірілді.

**Семинар қорытындысы бойынша шешім қабылданды:**

1. Серіктестік қызметкерлері Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтасын. Семинар барысында баяндалған ақпаратты серіктестік қызметкерлерінің назарына жеткізу және қаралған мәселелердің негізгі ережелерімен танысуды қамтамасыз ету.

2. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және қолдауға белсенді қатыстырылсын.

3. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік принципі қамтамасыз етілсін.

4. Тікелей басшыны және/немесе комплаенс-офицерді сыбайлас жемқорлық құбылыстарының белгілі болған фактілері туралы, сондай-ақ заңнамада және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен мүдделер қақтығысы туындаған жағдайлар туралы дереу хабардар етсін.

5. Мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша профилактикалық жұмысты күшейту және Серіктестік қызметкерлерінің белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы қамтамасыз етілсін.

Баяндама аяқталды. Назар аударғаныңыз үшін рахмет!

**Комплаенс-офицер** **Н. Кишляров**





